

Әлеуметтік педагогтың 2023- 2024 оқу жылына талдауы

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әлауқатын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР Оқу – ағарту министрінің 07.08.2023 №248) негізінде жылдық жоспары құрылып, жұмыс жүргізілді.

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу бағыты бойынша ұйымдастыру шаралары жүргізілді. Жоспар негізінде қыркүйек айында мектептің әлеуметтік паспорты мен әлеуметтік карта толықтырылды. Мектеп білім алушыларының сынып паспорты жинақталып, көпбалалы, толық емес отбасы балалары жәнемүмкіндігі шектеулі білім алушылар туралы мәліметтер базасы ата – аналармен сұхбат, сауалнама жүргізу арқылы толықтырылды. Диагностикалық зерттеу жұмысының нәтижесінде білім алушылардың әлеуметтік мәртебесі анықталып, төмендегідей нәтиже көрсетті.

	Білім алушылар саны	Отбасы саны	Толық отбасы	Толық емес отбасы	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көпбалалы отбасы	Азқамтылған
I жарты жылдық	45	28	26	2	1	0	6/15	3/7
II жарты жылдық	47	29	26	2	1	0	7/17	3/7

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы бағыты бойынша әлеуметтік карта арқылы білім алушылардың тұрмыстық жағдайы, отбасы құрамы, достары анықталды. Әлеуметтік мәртебесі бар білім алушылар тамыз айында 25.01.2008 ж.64 қаулы негізінде қаржылай көмек көрсетіліп, оқулықтармен, ыстық тамақпен толықтай қамтылды.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 7 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 40567 теңге көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 қаулысымен бекітілген «"Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше

жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын» (өзгерісі 30.12.2020 №949) басшылыққа алынды. Ата – аналарға түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар түскен қаражатқа балаларына оқуға қажетті киімдер және оқу – құралдар алды.

№	Көмектің түрі	қаржылық		Категориясы	
		Білім алушы саны	Берілген көмек	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан білім алушылар	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары
1	Мемлекеттік	7	Әр балаға 40567	5	2

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі № 5-15-2/4267 –И хаты негізінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай – ақ ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындықкезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында Мектепке жол Республикалық қайырымдылық акциясы өз жұмысын бастады.

Кәсіпкерлерге акцияға қосылу, балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен сұраныс хаттар жіберілді. Мектептің истаграмм парақшасына салынды. Жылдағы дәстүрмен Анвар ЖШС – нің директоры Талғат Салфиқов мектеп табалдырығын алғаш рет аттағалы отырған 7 оқушыға толық оқу құралдары бар сөмке сыйлады. Сонымен қатар азқамтылған отбасы баласы Талғат Альбертке Самұрық Қазына қоғамдық қолдау қоры толық оқу құралдары бар сөмке сыйлады. Мектебіміздің жұмысшысы Жұмағалиева Құралай мектебіміздің азқамтылған 1 оқушысына 10000 теңгеге оқу – құралдарды сыйға тартты.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына (ҚР Оқу – ағарту министрінің 12.04.2023 №95) 10-қосымшаға сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету

қағидалары негізінде білім алушыларды тегін жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылуы бойынша өтініштері тіркеліп, қабылданды. Мектеп асханасында жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылатын жекеленген санаттағы 7 білім алушының тізімі бекітіліп, білім алушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Санаттар	Жалпы бала саны	Оның ішінде	
		1-4 сынып	5-9 сынып
I категория АӘК	5	3	2
II категория АӘК алмайтын жас басына шаққанда күн көрісі төмен	2	2	0
III категория Жетім және ата – ананың қамқорлығынсыз қалған бала	0	0	0
IV категория. Төтенше жағдай	0	0	0
V категория. Алқалық органмен	0	0	0
Жалпы	7	2	2

«Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 4/3895 кепілдік хатына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап № 1 қосымшаға сәйкес 1-4 сынып оқушылары түгелдей ыстық тамақпен қамтылды.

2024 жылдың 16 қаңтар айында мектебімізге Ақтөбе қаласы, № 7 арнайы мектебінен 1 сыныпқа мүмкіндігі шектеулі Аман Перизат ауысып келді. Аман Перизат ПМПК, үйде (Дәрігерлік консультациялық комиссияның ВКК) қорытындысы бойынша жеке тегін үйде оқытылды. Білім алушының құжаттары жинақталды. Оқушының үйіне барып оқушымен, ата – анасымен танысып акт толтырылды. Білім алушының отбасындағы ахуал қалыпты. Отбасылық жағдайы, баламен қарым – қатынасы қалыпты. Әлеуметтік жағдайы жақсы. Білім алушыға үйден сабақ оқу үшін жағдай жасалды. Мектеп тарапынан парта, орындық берілді. Пән мұғалімдері және психолог білім алушымен сабақ кестесіне сәйкес жұмыстанды. Үйден оқитын білім алушының ата – анасымен сұхбат болды. Ата – анаға баламен қалай жұмыстану керектігін, бос уақытын тиімді пайдалануына қалай қолдау көрсету керектігі туралы әңгімелесу жүргізіліп, кеңестер берілді.

Мектепте өгей әкемен тәрбиеленетін 1 отбасы, 1 білім алушы анықталып, тізім тіркелді. Қаңтар айының 16 күні отбасындағы келеңсіз жағдайлардың алдын алу бағында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Өгей әкемен тәрбиеленіп жатырған білім алушыны сынып жетекшісі, психолог және әлеуметтік педагог отбасыларының тұрмыстық жағдайын зерделеу жұмыстарын жүргізді. Өгей ата – анамен тәрбиеленіп жатырған білім алушының тұрмыстық жағдайын зерделеу барысында отбасылардың тұрмыстық жағдайы жақсы екені байқалды. Баланың

ата – анасымен қарым – қатынастары қалыпты деңгейде. Отбасында күш көрсету, ішімдікке салыну, ата – анасына қарсы шығу, зорлық – зомбылық көрсету жағдайлары байқалмады. Отбасындағы балалар тәрбиесіне ата – анасы бірдей көңіл бөледі. Отбасындағы зорлық – зомбылықты болдырмау, құқықбұзушылықтың алдын алу жайлы әңгіме жүргізілді. Білім алушының тұрмыстық жағдайы зерделеніп, акт жасалды.

Қыркүйек айында әлеуметтік педагог және мектебіміздің еріктілер тобының мүшелері ауыл ішіндегі қоқыстарды жинастырды. Мақсатымыз қоршаған орта мен өз айналамызды таза ұстап, табиғаттың ластануына жол бермеу.

7 – 9 сынып оқушыларына «Құқықтық білімнің маңызы зор» тақырыбында дәріс оқылып, кеңестер берілді. Оқушылар жалпы құқықбұзушылық қайдан шығады, оның алдан – алу, құқық бұзушылыққа бой алдырмаудың жолдарын, өзін – өзі тәрбиелеу, қоғамға жат қылықтан аулақ болуға, қандай жағдайда өз құқығы мен міндетінде қорғай алатындықтары жөнінде мағлұмат алды.

15 қараша күні «Сенің құқығың – менің құқығым» атты танымдық сабақ өтті . Сабақтың мақсаты оқушыларға құқық туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу, әңгімелесу, бала құқығы жөнінде білімін кеңейту. «Өз құқығыңды қаншалықты білесің?» тақырыбында бейнеролик көрсетіліп оқушылармен талқыланды. Құқықбұзушылық жағдайы орын алған сәтте хабарласатын байланыс нөмерлері және сенім жәшігі бары ескертілді.

Желтоқсан айының 20 күні 2 – 3 сынып білім алушыларна «Көңілді достар» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты оқушылардың арасындағы жағымды қарым – қатынас орнату, достық ұғымы туралы түсінік беру, бір – бірін сыйлау, адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Тренинг 6 бөлімнен тұрды. Білім алушылар тренингке қызығушылықпен қатысты Білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерден мәлімет жинақталып, балалардың қандай үйірмеге, спорттық секцияларға қатысатыны анықталды. Өгей ата – анамен тәрбиелетін білім алушылардың сабаққа қатысымы, эмоционалдық ахуалы күнделікті бақылау жүргізіледі.

«ЖҚТБ (СПИД) – ның дамуы, тарихы, алдын алу шаралары» тақырыбында 8-9 сыныптарға баяндама оқылды. Мақсаты оқушылардың зиянды заттар туралы білімдерін тереңдетіп, оқушыларды салауатты өмір салтына және имандылыққа тәрбиелеуге, өз денсаулығының бағалы байлық екендігіне жағдай жасауға, бауыр, өкпе, миларға нашакордың зияны туралы ,біраз мағлұматтар мен оның жұғу жолдары және денсаулыққа зиян екені айтылды.

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс бағыты бойынша мінез – құлық және эмоционалдық проблемалары бар балаларды әлеуметтік – психологиялық - педагогикалық қолдау жұмыстары

жүргізілді. Қолайсыз, өмірлік қиын жағдайда қалған білім алушылар тіркелмеді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы бағыты бойынша әлеуметтік педагог пен ауыл медбикесі бірігіп 7 – 9 сынып білім алушылармен «Қыз бала тәрбиесі – ұлт тәрбиесі !» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты қыз баланың бойына әдептілікті, адалдық пен инабаттылықты дарыту, мейірімділікке тәрбиелеу. Қыздарға біздің халқымызда «Қыз» деген сөзді әдеміліктің, әдептіліктің, жан – жақты сұлулықпен мейірімділіктің символы ретінде қарастыратыны туралы айтылды. Қыздар өз пікірлерін білдіріп, қазіргі таңда қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет ететінін айтты. Достарына үлгі болатындай, ата – ананың берген ақылын тыңдап өсіп келе жатқандығын айтып, ой бөлісті. Сонымен қатар медбике «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында баяндама оқып, түсінік жұмыстарын жүргізді.

Мектеп психологы және әлеуметтік педагог 7 – 9 сынып білім алушыларна «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг сабақ өткізді. Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға азаматтық құқықтар мен бас бостандықтарын қорғауға, зорлық зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Әлеуметтік педагог баяндама оқыды, мектеп психологы түрлі жаттығулар, ойындар ойнатты.


V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.


Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Қыркүйек айында ата – аналардан «Отбасы қарым - қатынас» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама мақсаты ата – аналардың балаларымен қарым қатынасын анықтау. Сауалнамаға 26 ата- ана қатысты. Сауалнама нәтижесі



Ата-аналарға «Қатыгездік және зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында жаднамалар таратылып, «Бала қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау керек?» түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында бастауыш сынып білім алушылар мен аналары арасында «Денсаулық бар - байлық» ата – аналармен спорттық сайыс өтті. Мақсаты ана мен бала арасындағы ынтымақты нығайту, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру


VI. Диагностикалау-талдау қызметі бағыты бойынша мектептің әлеуметтік паспорты бойынша екі жылдық 2022 – 2023 оқу жылы және 2023 – 2024 оқу жылына салыстырмалы көрсеткіш диаграммасы жасалды.



Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, қаңтардың 16 күні 2 – 6 сынып білім алушылармен дұрыс тамақтану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында 20 білім алушыда

100% ия деп жауап берді Сауалнама мәтінінде асханадан жиі тамақтанасың ба, мектеп асханасында тамақтың дайындалуы саған ұнай ма тағы сол сияқты сұрақтар берілді. Мектеп асханасы білім алушыларды уақытылы сапалы тамақпен қамтамасыз етіп отыр. Білім алушылардың асханаға, аспазшыға деген ешқандай қарсы пікірлері болмады.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей көрсетті.



Мамыр айында 5 – 9 сынып білім алушыларына жаз кезіндегі қауіпсіздігінің алдын алу түсіндірме жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар әлеуметтік педагог пен 9 сынып білім алушылары (мектеп түлектері) мектебіміздің ауласына жеміс ағаштарын отырғызды.

Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды келер оқу жылында жасаймын:

1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;
2. Өз білімімді жетілдіру курстарына бару
3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.